

Қағаздан жасалған тұсқағаздардың импорты кезінде қорғау шараларын енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 шілде N 958 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.14. N 1123 қаулысымен

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Z980337_ Заңына сәйкес және жүргізілген анықтаудың нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты екі жыл мерзімге қорғау шаралары енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлар импорты кезінде қорғау баждарын өндіріп алсын;

2) "Анықтауды бастау және жекелеген тауарлардың импорты кезінде уақытша қорғаныштық шараларды қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 тамыздағы N 1291 P001291_ қаулысына сәйкес ТМД СЭҚ ТН 481420000, 481430000 және 481490100 кодтарына сәйкес қағаздан жасалған тұсқағаздардың импорты кезінде уақытша қорғау баждарын өндіріп алу нәтижесінде алынған ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикаларының Интеграциялық комитетін және

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетін Қазақстан Республикасының осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарларға қатысты қорғау шараларын енгізетіні туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 14 шілдедегі

№ 958 қаулысына

қосымша

Оларға қатысты қорғау баждары енгізілетін,
Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін
тауарлардың тізбесі

Тауар атауы	! ТМД СЭҚ ТН !	Қорғау бажының
	! бойынша тауар !	ставкасы
	! коды !	(кедендік құнынан %)
Жиектелген тұсқағаз қағазы	481410000	25
Тұсқағаз қағазы және беткі жағы бүртікті, жиектелген, боялған, көмкерілген немесе өзге де тәсілмен полимерлік материал қатпарымен әрленген қағаздан тұратын осындай қабырғалық төсеніштер	481420000	25
Тұсқағаз қағазы және беткі жағы қатар иірімелермен немесе матамен байланған немесе байланбаған тоқыма материалмен жабылған қағаздан тұратын осындай қабырғалық төсеніштер	481430000	25
Тұсқағаз қағазы және бүртікті, жиектелген, боялған, көмкерілген немесе өзге де тәсілмен әрленген, жұқа қорғаныш полимерлік материалмен жабылған қағаздан тұратын осындай қабырғалық	481490100	25

төсеніштер

Басқа тұсқағаз қағаздары

481490900

25

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.